

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімі

«№3 орта мектебі» КММ



«Ақпаратты жазу және санау, ақпаратты тасымалдаушылар»

«Писать и считать и переносить информацию»

«Writing counting and transformation of information»

(үш тілде білім беруді дамыту жоспарына сәйкес ашық сабақ)

**Өткізген: Шуйкебаева Н.Б.
информатика пәнінің мұғалімі**

2016 жыл

Пән: Информатика

Сынып: 5 «А»

Күні: 26.11.16

Сабақтың тақырыбы: Ақпаратты жазу және санау, ақпаратты тасымалдаушылар

Сабақтың мақсаты:

Ақпараттарды жазып, өлшем бірліктер арқылы санауды ақпарат тасымалдаушыларды қолданылуы тәртібін меңгеріп, ойлау қабілеті мен танымдық қызығушылығын дамыту.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Сабақтың әдісі: практикум элементтері бар түсіндірмелі

Көрнекіліктер: интерактивті тақта, үлестірмелі тапсырмалар, компьютер

Пәнаралық байланыс: математика

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, оқушы көңіл күйін бағыттау, сабаққа деген ынтасын ояту.

(2 минут)

II.Үй тапсырмасын тексеру:

Тест жұмысы (5 минут)

Қызығушылығын ояту

Өткен тақырыпты қайталау арқылы жаңа сабақтың тақырыбын шығару.

(ребус арқылы) (2 минут)

Жаңа сабақ (5 минут)

Балалар, бүгінгі тақырыпта қай сөздер бізге таныс? Ия, **Information** - латын тілінен аударғанда **ақпарат** деген сөзді білдіреді. Біз бұл тақырыпты I тоқсанда оқығанбыз. Ал бүгін сол ақпараттарды қалай жазып, қалай тасымалдауды үйренеміз.

Кәне балалар айтыңдаршы ақпарат деген не? Ақпаратты қалай санайтын едік?

Ақпарат өлшеудің ең кіші бірлігі- Бит болып табылады. Бит келесі екі мәннің бірін қабылдай алады – 0 немесе 1.

Келесі өлшем бірлігі- Байт. 1 Байт-8 бит-ке тең. Әдетте 1 байттың көмегімен бір символ кодталады.

Қалай ойлайсыңдар? Ертеде адамдар ақпараттарды неге жазып сақтаған? Бір –бірімен қалай ақпарат алмасып отырған?

Ерте кезде адамдар ақпаратты тастарға, қағаздарға, кітаптарға жазып қалдырған, ал қазір ақпаратты қайда жазып сақтаймыз және тасымалдаймыз? Компьютер құрылғыларынан флешка, диск, компьютер жадында сақталынады.



Компьютердің ең маңызды компоненттерінің бірі оның жады болып табылады. Компьютерде сыртқы жад және ішкі жад болып бөлінеді.

Мұнда, ішкі жадтың екі негізгі тобы бар:

1) жедел есте сақтау құрылғысы



2) тұрақты есте сақтау құрылғысы



Сыртқы жадқа түрлі магниттік тасымалдаушылар, лазерлік дискілер, флеш-жадтар жатады. Тасымалдаушыларда ақпарат ыңғайлы түрде-сандық форматта сақталады. Ақпарат тасымалдаушылардың негізгі көрсеткіші-олардың сыйымдылығы.

Сыйымдылығы-тасығышта сақталатын ақпараттың шектік сандық мөлшері болып табылады.

Иілгіш дискілер([ағылш. floppy disk](#))- магниттік қабыршағы бар иілгіш диск түрінде жасалған компьютердің алмалы-салмалы сыртқы сақтауыш құрылғысы.

- Жазу және оқу уақыты – 40кБ/сек.
- Сыйымдылығы – 1,2 - 1,44 МБ.
- Өлшемі - 3,5 - 5,25 дюйм.

CD-RW-дың CD-R-дан басты айырмашылығы :

CD-RW-ға ақпараттарды бірнеше рет жазуға болады.

DVD-R және DVD-RW – тек оқуға арналған графикалық ақпараттарды сақтауға арналған лазерлік диск.

- Жазу және оқу уақыты – 4,7 ГБ/сек.
- Сыйымдылығы – 4,7 - 17 ГБ.
- Өлшемі – 3,1- 4,7 дюйм.

Флеш- жадтар – жеңіл қорабпен қапталған микросхема.

- Жазу және оқу уақыты – 4000 – 5300 МБ/сек.
- Сыйымдылығы – 1 ГБ жоғары
- Өлшемі – 1- 2 дюйм.

Сергіту сәті: «Қызыл гүлім» (1 минут)

-Полечудес ойыны арқылы топқа бөлу

- Оқушыларды екі топқа бөліп, тапсырмалар беру.

1-топ карточкамен жұмыс, сөзжұмбақ шешу.

2-топ компьютермен жұмыс (10 минут) содан 1-топпен ауысады.

Тапсырмалар:

Компьютердегі тәжірибелік жұмыс

1. Paint графикалық редакторы программасын іске қосыңдар
2. Тәуелсіздігіміздің 25-жылдығына орай сурет салыңдар.
3. Өз суреттеріңді Бейнелер бумасында сақтаңдар.
4. Осы файл үшін жарлық құрыңдар.
5. Жарлықты Жұмыс үстеліне орналастырыңдар
6. Іздеудің көмегімен өз файлдарыңды тауып, іске қосыңдар.

Көзге гимнастика жасау (1 минут)

Сабақты бекіту сұрақтары:

- Сабағымызды қорытындылау үшін бізге сиқырлы қобдиша өзінің сұрақтарын алып келген екен, ло сұраққа кім дұрыс жауап берсе, сиқырлы қобдишамыз ашылып, ішінен тосын сый шығады.
 - Компьютердің жады нешеге бөлінеді? (2)
 - 1 байт неше битке тең? (8 бит)
 - Ақпаратты тасығыш құрылғылар? (флеш-карталар, дисктер, дискеттер)
 - Магнитті дискілердің неше түрі бар?қандай? (қатқыл диск, иілгіш диск)
 - Ақпараттың ең кіші өлшем бірлігі не? (бит)

Жұмбақтар шешу: (5 минут)

1. Жануарға ұқсас атым бар,
Бағдар көрсетер затым бар
Кілемше үстінде тұрамын,
Ең қажетті құралмын (тышқан – мышка – mouse)
2. Қанша тетік тізілген
Саусағыңды сезінген
Барлық сенің ойыңды
Компьютерге енгізген (пернетақта – клавиатура – keyboard)
3. Компьютермен енеді,
Қағазға басып береді. (басып шығарғыш – принтер – printer)
4. Экранның бетінде оның тұрағы,
Қашан болсын жыпылықтап тұрады. (меңзер – курсор – mouse pointer)
5. Өзі темір, жаны жоқ.
Ақпаратты сақтап таратқан,
Жұртты өзіне қаратқан. (компьютер – компьютер – computer)
6. Барлық сурет, мәтінді
Компьютерге енгізген
Керек емес жерін де
Компьютерден өшірген (мәтіналғы – сканер – scanner)

Үйге тапсырма: тақырып бойынша сөзжұмбақ құрастыру. (1 минут)

Бағалау. (1 минут)

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімі

«№3 орта мектебі» КММ



«Информатика алғырлары»

«Умники по информатике»

«Clevvers on computing»

(үш тілде білім беруді дамыту жоспарына сәйкес іс-шара)

Өткізген: Шуйкебаева Н.Б.
информатика пәнінің мұғалімі

2016 жыл

Тақырыбы: “Информатика алғырлары” /сайыс/

Мақсаты: Оқушылардың информатика пәнінен алған білімдерін сарапқа салу. Оқушыларды тапқырлыққа баулып, зейінін, ой –өрісін, белсенділігін дамытып, білімге құштарлығын арттыру. Өз білімдеріне деген сенімділіктерін нығайту, қиындықтарды жеңе білуге тәрбиелеу.

Түрі: Зияткерлік сайысы

Жоспары:

1. Таныстыру (Әр топ өзін таныстырады)
2. Бәйге жарысы
3. Жеті жұрттың тілін біл (полиглот)
4. Кім жылдам
5. Көкпар /пікір сайыс/
6. Сөз тапқанға қолқа жоқ.
7. Тапқырлық

Барысы:

Жүргізуші: Елбасының «Қазақстан – 2030» стратегиялық жолдауы – егемендіктің кілтін ұстар жастардың жарқын болашағына апарар үлкен сүрлеу. ХХІ ғасырдың білімді, ойлы ұрпақтары, осы жоспарды болашақта іске асырушы, еліміздің экономикасына үлес қосушы жастар деп білемін. Қазақстан болашағы – білімді ұрпағында. Ендеше, болашаққа бүгін де өз үлестеріңді қосып, еңбек еткелі отырған, сол еңбектерің, осы уақытқа дейін информатика пәнінен алған білімдерің ұшқыр ойларымен, шешендік тілмен өрнектеп ортаға салғалы отыр. Сонымен сайысқа қатысушылар, бүгінгі “Информатика алғырлары» атты сайысымызға қош келдіңіздер! Сайыста әрбір айналымнан сүрінбей, ойланып, нақты жауап берген топ қана “Информатика алғырлары” атына ие болады.

Жүргізуші: Сайысымыз 7 айналымнан тұрады:

1. Таныстыру (Әр топ өзін таныстырады)
2. Бәйге жарысы
3. Жеті жұрттың тілін біл (полиглот)
4. Кім жылдам
5. Көкпар? /пікір сайыс/
6. Сөз тапқанға қолқа жоқ.
7. Тапқырлық

Сайысымызды бастамас бұрын осы сайысымызға әділ төрелігін береді деген үмітпен шақырылған әділ-қазыларды таныстырайын.

1. Акбопе Бекетқызы
2. Гүлжан Мырзағазықызы

Ал, келіңдер, келіңдер!

Біріңе-бірің еріңдер,

Біліміңді тексеріп,

Ойынға қатысып көріңдер – дей отырып ортаға сайысқа қатысушы топтарды шақырайық!

1-ші топ: Алғырлар тобы

2-ші топ: Тапқырлар тобы

Ендеше сайысқа қатысушы топтар өздерін таныстырып өтсе:

1. Топтарды таныстыру:

1- топ «Алғырлар»

Ұрандары:

Алғырлар алға
Қарсыластан қалма
Батылдыққа баста
Жарыстардан қашпа!
Топ мүшелері:
Топ басшысы

2- топ Тапқырлар

Ұрандары:

Біз тапқырлар тобымыз
Ойланамыз, табамыз
Жеңіске біз талпынамыз

Топ мүшелері:

Топ басшысы:

Жүргізуші:

Бәйгеге түсіп жарыспай

Жүйріктің бағы жана ма?

Бұл бәйге ойдың бәйгесі

Кім жүйрік ойға, сол алда –дей отырып, Бәйге кезеңін бастаймыз.

Оқушылар берілген сұрақтарға тез жауап беруі керек, әр дұрыс жауапқа 1 ұпайдан алады. Жауап жоқ болса, «келесі» деп айтуы керек.

2. Бәйге жарысы: 1) Лездік сұрақтары ««Алғырлар»» тобына:

1. Белгілі бір атпен сақталатын ақпараттар жиыны. (файл)
2. Windows-та өшірілген файлдар қайда жіберіледі? (себет)
3. Ақпараттық процестерді зерттейтін ғылым (информатика)
4. Компьютердің басты бөлігі, миы (процессор)
5. Алгоритм атауы кімнің есімімен байланысты? / араб математигі Әл-Хорезми/
6. Монитор мен адамның арақашықтығы неше см? (60-70)
7. 1М байтқа қанша К байт бар? (1024).
8. Буып-түйілген файл (архив)
9. Енгізу пернесі? (enter)
10. Экранда жыпылықтап тұратын тік сызықша (курсор)
11. Пернетақтада қанша функционалдық перне бар? (12)
12. Сол жақтан бір символды өшіру үшін қандай перне қолданылады? (Backspace)
13. Қағаздағы көріністі экранға түсіруші? (сканер)
14. Paint қандай редактор (графикалық)
15. Компакт дискіні оқуға арналған құрылғы? (CD-ROM)

2) Лездік сұрақтары «Тапқырлар» тобына:

1. Файлдар жиыны. (папка)
2. Мәтінмен жұмыс істеуге арналған Microsoft Office-тің құрамына кіретін программа. (MS Word)
3. Вирустың кері әсерін жоятын программа. (антивирус)
4. Сандардың аталу және жазылу әдісін не деп атайды? (санау жүйесі)
5. Ақпараттық процестерді жүзеге асыратын негізгі құрал? (компьютер)
6. Қандай архиватор бағдарламалары бар? (Win RAR, WinZip)
7. Windows сөзінің аудармасы (терезе)

8. Сегіз биттен тұратын өлшем бірлік (байт)
9. Компьютерлік алфавит символдарының кез келген тізбегі (мәтін)
10. Мазмұндық мәні бойынша топтасқан тізбектелген қатар. (абзац)
11. Оң жақтан бір символды өшіру үшін қандай перне қолданылады? (Delete)
12. Дүниежүзілік ғаламдық тор. (интернет)
13. ЭЕМ-нің дамуы неше буыннан тұрады? (5)
14. Word Pad қандай редактор? (мәтіндік редактор)
15. Әр түрлі амалдар бойынша мәтіндік құжаттардың көркемделуін қалай атайды? (пішімдеу)

Жүргізуші: Келді кезек полиглотты шешуге

Жауаптарын үш тілде де беруге

Қазақ, орыс, ағылшынды білсеңіз

15 ұпай шәкірт саған несібе.

3. Жеті жұрттың тілін біл (полиглот)

Келесі кезең «Полиглот». Бұл кезеңнің ерекшелігі оқушылар берілген сұрақтарға қазақша, орысша, ағылшынша жауап береді. Егер 3 тілде айтса, 15 ұпай алады.

«Алғырлар» тобына қойылатын сұрақтар:

1. Белгілі бір нәрсе (адам, жануар, зат құбылыс) туралы таңбалар мен сигналдар түрінде берілетін мәліметтер тобын не дейміз? (ақпарат , информация, information)
2. Сақталған құжатты ашу командасы? /Файл – ашу, файл-открыть, file-open/
3. Windows – дегеніміз не? /ОЖ, операционная система, Operation system/
4. Компьютерде берілетін командаларды жарық қаламымен басқаруға негізделген құрылғы
/ Тышқан, мышь, Mouse/
5. Қажет емес символды алып тастау пернесі - (өшіру, удалить, delete)

«Тапқырлар» тобына қойылатын сұрақтар:

1. Өшіргенді жинаған, уақытша сақтаған. (себет-корзина - basket)
2. Экрандағы төрт бұрышты аймақ. Ол не? (терезе-окно-windows)
3. Оның жұмысы үшін аздаған ғана жад қажет, өте кішкентай мәтіндік редактор. (кітапша-блокнот-notebook)
4. Бір сарайда тұрады екен,
Бес атаның балалары.
Қыдырмашы біреуі,
Бір күн бар да, бір күн жоқ (пернетақта-клавиатура-keyboard)
5. Биологияда паразит,
Көзге зорға көрінер.
Информатикада өлшем бірлік,
Ақпаратты өлшер. (бит-бит-bit)

Келесі айналым

4. «Кім жылдам» бұл кезеңде берілген торкөздердегі әріптерден көрсетілген сөзжұмбақта жасырылған сөздерді табу керек 4 минут ішінде.

Әр тапқан сөзге 20 ұпай беріледі.

М Т П Л О Т Т Н О М
И Ы П Р Р Т Е И Д Е
К Ш Н И Е Е Р О М М
Р Қ А Н Т Р Н Н И Т
О Н Т С Ө З Е Т Р О
П А И Б А Й Т Т Е З
Р М В П И К М Е Р Е
О Ә И А Р С О Ұ А Ф
Ц Т Р И Х Е Д Я Й Л
Е І У В Ж Л И Я И Ц
С Н С Д А Ъ Ф И К А
С О Р А Б О Н Е Н Т

Жауабы: Жасырылған сөздер: микропроцессор, тышқан, мәтін, плоттер, принтер, сөз, байт, пиксель, архив, жад, абонент, модификация, ұя, файыл, монитор, модем, интернет, байт, антивирус.

5. Келесі айналым «Көкпар» сайысы. Бұл айналымда берілген тақырып бойынша екі топ қарама-қарсы пікірлер арқылы ой-толғау, қолдаушы және қарсы пікірлер айтады.

Ендеше «Алғырлар» тобына

Тақырыбы: 1) “Компьютердің пайдасы” 2) “Компьютердің зияны”.

«Тапқырлар» тобына

6. «Сөз тапқанға қолқа жоқ». Бұл айналымда әр топ өз топтарының бірінші әрпінен келетін информатикалық сөздер айту керек. Әр дұрыс сөзге 5 ұпай беріледі.

Ендеше «Алғырлар» тобы «К» әрпінен келетін информатикалық сөздер айтады: (компьютер, картридж, клавиатура, ксерокс, Кбайт, калькулятор, компакт-диск, курсор, копировать, контур, курсив)

Келесі кезекте «Тапқырлар» тобы «П» әрпінен келетін информатикалық сөздер айтады:

(принтер, плоттер, пернетақта, процессор, пішімдеу, паскаль, пробел, пуск, проводник, программа)

7. «Тапқырлық» 2 - топқа бірдей логикалық есеп дұрыс тапқан топқа 40 ұпай беріледі.

Біздің үйдегі қабырға сағаты қоңыраулы, ол әрбір жарты

сағатта 1 рет, толық сағат сайын сол уақытты көрсету санына тең қоңырау соғады.

Сонда ол тәулігіне неше рет қоңырау соғады?

$((1+2+3+4+5+6+7+8+9+10+11+12)*2+24*2=204$

Жүргізуші:

Қазылар орнықтырар әділдікті

Кімдердің жауаптары кәміл шықты

Білім мен тапқырлықты көрсеткен

Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты –деп әділқазыларға сөз береміз.

“Қазақстанның болашағы – білімді ұрпағында” демекші бүгінгі алған біліміміз ертеңгі байлығымыз, елімізге тигізер үлесіміз. Сондықтан да, білім алудан, оқып-үйренуден жалықпайық демекпін! Зейін қойып тамашалағандарыңызға рахмет!